

ҰЛЫ ОЙШЫЛА – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Ресей арасындағы делдалдардың бірі болған Орталық Азия керуен жолдарының негізгі нүктесі болған Фараб (Отырар) қаласында ірі саяси, мәдени, сауда орталықтарының бірінде дүниеге келген. Мұнда ол ғылыми білім негіздерін алды, ежелгі дәуірдің ұлы ғалымдарының философиялық және ғылыми еңбектерімен танысты. Кейіннен ұлы ғалым-энциклопедист Өзбекстанның Самарқанд, Бұхара сияқты мәдени орталықтарында білім алды. Әл-Фараби өмірінің соңғы жылдарын Каир, Алеппо және Дамаск қалаларында өткізді. Ол 160-қа жуық трактаттар жазды. Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби 950 жылы желтоқсанда қайтыс болды. Әл-Фарабидің идеялық мұрасы әдеттен тыс ауқымды және алуан түрлі. Оған тек мұсылмандық Шығыс елдеріне ғана емес, бүкіл әлемге кең танымалдық әкелген көптеген еңбектер дәлел. Әл-Фараби сол кезде белгілі этика, саясат, жаратылыстану, психология, эстетика, логика сияқты білім салаларын зерттеп, салыстырды. Ол адамның бақытқа жетуінің негізі деп санаған адамгершілік, адамгершілік мәселелеріне ерекше мән берді. Замандастары оны құрметпен «Муаллим Сони» – Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз», сонымен қатар «Шығыс Аристотелі» деп атаған. Ғалым-энциклопедисттің әлеуметтік, этикалық, философиялық көзқарастарының қалыптасуына, ең алдымен, Орталық Азия, Таяу және Таяу Шығыс елдері халықтарының өзіндік және өзіндік мәдениеті, ежелгі грек философиясы, атап айтқанда, Аристотель мұрасы, сондай-ақ сол кезеңдегі идеологиялар дербес және өзіндік философиялық ой-өрісі бар ғалым тұтас энциклопедиялық жүйе жасады. Әбу Насыр әл-Фараби еңбектерінің маңыздылығы мен қызметінің маңыздылығын оның бай ғылыми мұрасын зерттеуге жасалып жатқан орасан зор, ұдайы ұлғайып келе жатқан көңіл бөлу де дәлелдейді. Бұл жұмыс Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығындағы этикалық көзқарастарды талдауға арналған, ол адамды тәрбиелеу, гуманистік көзқарастарын қалыптастыру, сонымен қатар оның адамгершілік қасиеттерін дамыту барысында туындайтын сұрақтарға жауап табуға ықпал етеді.

Юшков Александр Витальевич.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
физика және математика ғылымдарының докторы
Бексолтанова Ботагөз.
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің
магистранты

СӘБИТ МҰҚАНОВ АТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ

Сәбит Мұқанов атындағы мұражай жазушының тірі кезінде өзі тұрған үйі, бүгінде жеке мұражайға айналған. Жазушының бар болмысы туралы, жеке басы туралы толық мәлімет беретін, әр бұрышы тарихтан сыр шертетін мұражай. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті <https://www.kaznu.kz> жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының «Өлкетану» және «Парасат» клубының жетекшілері, шетелден келген қазақ диаспора топтарының кураторлары мен тыңдаушылары бірге Алматы қаласы Төлебаев көшесінде орналасқан, Сәбит Мұқанов атындағы мұражайға саяхат ұйымдастырды.

Тыңдаушылар мұражайды қызығушылықпен, таңданыспен аралап шықты. Тыңдаушылар Сәбит Мұқановтың өмірбаяны, отбасы, шығармашылығы, жеке қызығушылығына қатысты қызықты деректермен танысты, мұражайға қойылған жазушының көзі тірісінде пайдаланған жеке заттарын, алған марапаттарын, сыйлықтарын, жеке отбасылық суреттерін, заттарын көріп тамашалады.

Тыңдаушылар жазушы кезінде кімдермен жақсы байланыста болғанын, қандай сыйлықтар алғанын, қандай атақтар иеленгенін, қандай шығармалар жазғанын, қандай нәрселерді жақсы көргенін, қолы бос кезінде қандай іспен айналысқанын көріп, білді. Жазушы жайында көптеген мәліметтермен танысты.

Мұражайда өткен саяхатымыздан тыңдаушыларымыз үлкен әсер алып, шабыттанып қайтты. Болашақта Сәбит аталары сияқты ұлы жазушыдан үлгі алып, үлкен мақсаттарына жету жолында барынша тырысып, ел үшін еңбек ететін, отансүйгіш азаматтар болуға деген талпыныстарының артқаны көздерінен көрініп тұрды. Жастарды еліміздің тарихы мен мәдениетімен терең таныстырып, оларды елжандылыққа тәрбиелейтін осындай шараларды көптеп өткіземіз деген жоспарымыз бар.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру
факультетінің оқытушылары
Г. Жұмаділ, Ж.К. Дауытова, С.А. Нусупбаева

ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАР ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАЖАЙЫН ТАМАШАЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының кураторлары мен «Өлкетану» және «Парасат» клубының жетекшілерінің ұйымдастыруымен Әл-Фараби мұражайына саяхат жасалды. Мұражай қызметкері ғұлама ғалымның өмірі мен шығармашылығын таныстырып, тыңдаушыларға рухани ақпарат берді.

Әл-Фараби мұражайы Қазақ Ұлттық университетіне 1991 жылы есімі берілген ұлы ғұлама бабамыз әл-Фарабидің рухани мұраларына арналған. Бұл мұражай 2013 жылдың 13-сәуірі күні университетіміздің ғылыми кітапханасымен бірге салтанатты түрде өз есігін барша қауымға айқара ашты. Музейдің негізгі мазмұндық құрылымы – диорамдық кешендері мен жайма сөрелері, тақырыптық экспозицияларға бөлінген. Олар: «Көне Отырар – естеліктер қазынасы. Әл-Фарабидің жастық шағы»; «Ұлы Жібек Жолы бойымен»; «Әл-Фараби. Шығыс пен Батыс сұхбаты»; «Әл-Фараби еңбектері – адамзаттың асыл қазынасы. Әл-Фараби және түркі әлемінің ойшылдары»; «Әл-Фарабидің рухани мұрасы және қазіргі Қазақстан» атты бөліктерден тұрады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайы – жоғары оқу орнының ғылыми-ақпараттық бөлімшесі. Оның мақсаты – келешек мамандарды мәдени-тарихи құндылықтармен таныстыру. Қазақстанда және әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті өнегелі және патриоттық тәрбие беруді қамтамасыз ету – университеттің мәдени-тарихи құндылықтарын сақтау, санын арттыру және

насихаттау болып табылады. Университет мұражайы 1989 жылдан бастап жұмыс істейді, 20 жылдан кейін оған ауқымды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Жаңа мұражайдың ашылуы ҚР Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың 2009 жылы 13-қазан айындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға келу сапарымен орайластырылған болатын.

Ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 2020 жылы 1150 жыл толуына орай мұражай тағы да жаңа заманауи технологиялармен жаңартылды. Қазір кез келген мұражаймен танысуға келген адам мұражай қызметкерінің көмегімен электронды аудио жазбалар арқылы әл-Фарабидің балалық шағынан бастап өмірінің соңына дейінгі кезеңді үш тілде тыңдап таныса алады. Мұражайдың жоғары жағында кіргеннен шыққанға дейінгі аралықта ортағасырлық қалалар, Ұлы Жібек жолы, далада кетіп бара жатқан керуендер, ұлы ғалымдар туралы видеолары лед экран арқылы жалғасып көрсетіледі. Әр адам өзін мұражайда емес, бейне бір ортағасырлық қаланың ішінде жүргендей сезінеді. Осының бәріне куәгер болған тарихи Отанына білім іздеп келген жастарымыз әл-Фараби мұражайын көру, танысу мүмкіндігіне ие болғандарына өте қуанды, ұйымдастырушылар мен мұражай қызметкерлеріне өз ризашылықтарын білдірді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің
оқытушылары Г.Жұмаділ, С.А. Нусупбаева,
Қ.С. Аширбекова

БҮГІНГІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ЗАМАНДА ТАБИҒАТ БАЙЛЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ҚАНШАЛЫҚТЫ МАҢЫЗДЫ?



Табиғат пен адам – егіз. Жауынның жауғаны – жылағаны, қуанғаны – күннің шуағын шашқаны, күркірегені – қабағын кірбің шалғаны, ашуланғаны – найзағай боп жарқырағаны. Құстардың үнін, тұлпарының дүбірін, жерінің қазба байлығын адамдардың кеңпейілділігіне бала-сам, оның азаюы мен

тоқырауын көңілдің құлазығанындай дер едім. Ал көңіл қалған жерде береке бола ма?

Біз болашақ үшін табиғат байлығын қорғау қаншалықты маңызды екеніне мән беруден қалып барамыз. Керісінше, шетелді мақтап, аузымыз талады. Шын мәнінде, сондағы асылдарды өзіміздің елдің бір ғана қорығы бойына шоғырландырғанын сезіп те жүрген жоқпыз.

Жоқ, бәріне бірдей топырақ шашудан аулақпын. Елімізді жасыл желекке айналдыруды қолға алып, ағаш көшеттерін отырғызып, жануарлар мен өсімдіктерді тиімді пайдалана отырып, өсімін алу жолдарын көрсетіп жүрген жандар да бар. Дегенмен, бұл жауапкершілікті ӘР АЗАМАТ сезіну керек.

Ғылым мен техниканың дамуы – таптырмас олжа. Дегенмен соңғы қырық жылда өндіріс қалдықтарының жүз есе өскені қабырғаны қайыстырады.

Судың да сұрауы бар. Дабыл қағылуда, естілер! Сыңарымыздың құнын кенжелетпейікші... Кіндігіміз бір болса егер, оған төнген қауіптің бізге де алыс болмайтыны хақ қой...

Клочев Валерий,
9-сынып оқушысы
Қарағанды облысы,
Шет ауданы,
«Жамбыл Ақылбаев атындағы МГ»
Жетекшісі: Болкенбаева Айгерим Даулетаровна

ҚАЗҰУ ЖАСТАР МЕКЕНІ

Бүгінгі айтылар ой, менің сүйікті оқу орным ҚазҰУ жайлы болмақ. 88 жылдық өзіндік тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті білім мен ғылымның дамуын, қоғамдық өмір саласын жан-жақты дамыта білген бұл білім ордасы бүгінде әлемге әйгілі оқу орындарының бірі. 86 жыл тарих сахнасына аз уақыт болып көрінер, алайда білім ордасы үшін сан алуан тарихи кезеңдерді бастан өткергені сөзсіз мәлім дүние. 1934 жылы қасиетті қарашаңырағымыз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің іргетасы қаланды. Алғашында С.М.Киров атындағы ҚазМУ болса, кейіннен 1991 жылы 23-қазанында Қазақ Мемлекеттік университетіне ұлы философ, энциклопедист ғалым әл-Фараби аты берілген уақытта университеттің мәртебесі айтарлықтай өзгерді.

ҚазҰУ – еліміздегі шоқтығы биік, мәртебесі өзгеше, атағы жер жаратын білім ордасы. Бұл бір күндік жетістік емес. Тамыры тереңге жайылған бұл білім ордасының іргетасы қаланған күннен бастап бүгінгі күнге дейін қалыптасуы мен дамуы, көптеген білімді ұстаздарымыздың қажырлы еңбектері мен жалынды жастардың білім мен ғылымға деген құштарлықтарының арқасында бүгінде еліміздің алдыңғы қатарлы білім ошағына айналып отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Атауының

өзінде бір сиқырлы күш бар секілді. Білім ошағының атауын айтқанда: «Міне, менің оқу орным!», «Міне, менің білім ошағым» деп мақтанып қалатынымыз ешкімге жасырын емесі анық. ҚазҰУ-де талантты да білімді жастар үшін өздерін танытуға зор мүмкіндіктер жыл сайын көбейіп, түрленуде. Жыл сайынғы байқаулар, өздерін көрсетуге мүмкіндік беретін ұйымдар, әртүрлі білім саласындағы жарыстар өткізілуде.

Білім ордамыздың символына айналған, әлемнің екінші ұстазы атанған, шығыстың сөнбес жұлдызы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын айтпай кету мүмкін емес. Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, ұстаз, өз замандастарының алды бола білген философ, шығыс аристотелизмнің ірі өкілі. Атаулы ғұламаның өзінен кейін қалдырған өшпес нақыл сөздері мен тәрбиелік мәні бар еңбектері бүгінгі ұрпақтарға мол азық беретін халық мұрасы ретінде қала бермек.

Қорыта келе, «Білімнің күні жарық» деп айтып кеткендей, қазіргі заман білімділер заманы. Ал білімді болу үшін жүйелі білім алған дұрыс. Дәл сол білімді ҚазҰУ-дан алып жатқаныма ризамын деп сөзімді аяқтайын.

Тынысбек Ж., Утарова Д., Жанатаев Д.Ж.